

«ЖОҒАРЫ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ИНСТИТУТЫ» ЖШС

**Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына
сәйкес қаржылық есептілік
және тәуелсіз аудитордың аудиторлық қорытындысы**

2024 жылғы 31 желтоқсан

Мазмұны

ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРДЫҢ АУДИТОРЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК

Пайда немесе шығын және өзге де жиынтық кіріс туралы есеп	1
Қаржылық жағдай туралы есеп	2
Ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп	3
Капиталдағы өзгерістер туралы есеп	4

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР:

1	Компания және оның қызметі туралы жалпы мәліметтер	5
2	Компания өз қызметін жүзеге асыратын экономикалық орта	6
3	Есеп саясаты туралы маңызды ақпарат	7
4	Есеп саясатын қолданудағы негізгі есептік бағалау және кәсіби пайымдаулар	11
5	Жаңа немесе өзгертілген стандарттар мен интерпретацияларды қолдану	12
6	Түсім	13
7	Өзіндік құн	13
8	Әкімшілік шығыстар	14
9	Табыс салығы	14
10	Негізгі құралдар	16
11	Материалдық емес активтер	17
12	Қорлар	17
13	Сауда және өзге де дебиторлық берешек	18
14	Ақша және олардың баламалары	18
15	Жарғылық капитал	19
16	Қызметкерлерге берешек	19
17	Сауда және өзге де кредиторлық берешек	19
18	Өзге қысқа мерзімді міндеттемелер	19
19	Қаржылық тәуекелдерді басқару	20
20	Шартты активтер мен міндеттемелер	22
21	Байланысты тараптармен мәмілелер	23

Тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебі

«Жоғары Технологиялар Институты» ЖШС Қатысушысына және Басшыларына:

Біздің пікір

Біздің пікірімізше, қаржылық есептілік «Жоғары технологиялар институты» ЖШС-нің (бұдан әрі - «Компания») 2024 жылғы 31 желтоқсандағы қаржылық жағдайын, сонымен қатар көрсетілген күнге аяқталған жылдағы қаржылық нәтижелері мен ақша қаражатының қозғалысын барлық маңызды жағынан ХҚЕС бухгалтерлік есеп стандарттарына сәйкес шынайы түрде көрсетеді.

Аудит мәні

Біз Компанияның келесілерді қамтитын қаржылық есептілігіне аудит жүргіздік:

- 2024 жылғы 31 желтоқсанында аяқталған жылдағы пайда немесе шығын және басқа жиынтық кіріс жөніндегі есеп;
- көрсетілген күнмен аяқталған қаржылық жағдайы жөніндегі есеп;
- көрсетілген күнмен аяқталған жылдағы ақша қаражатының қозғалысы жөніндегі есеп;
- көрсетілген күнмен аяқталған жылдағы капиталдағы өзгерістер жөніндегі есеп;
- есеп саясаты туралы маңызды ақпарат және басқа да түсіндірме ақпаратын қоса алғанда, қаржылық есептілікке ескертпелер.

Пікір білдіру негіздемесі

Біз аудитті Халықаралық аудит стандарттарына (ХАС) сәйкес жүргіздік. Осы стандарттар бойынша біздің жауапкершілігіміз бұдан әрі біздің есебіміздің «Аудитордың қаржылық есептілік аудиті бойынша жауапкершілігі» бөлімінде сипатталған.

Біздің аудиторлық дәлелдер пікір білдіруіміз үшін негіз болуға жеткілікті әрі тиісті деп есептейміз.

Тәуелсіздік

Біз Бухгалтерлерге арналған халықаралық әдеп стандарттары кеңесі шығарған Кәсіби бухгалтерлердің халықаралық әдеп кодексіне (Халықаралық тәуелсіздік стандарттарын қоса алғанда) (БХӘСК кодексі) және Қазақстан Республикасындағы біздің қаржылық есептілік аудитімізге қолданылатын әдеп талаптарына сәйкес Компанияға тәуелсіз болып табыламыз. Біз қаржылық есептілік аудитімізде қолданылатын БХӘСК кодексіне және Қазақстан Республикасының әдеп талаптарына сәйкес басқа да әдеп міндеттемелерін орындадық.

Басшылықтың және корпоративтік басқаруға жауапты тұлғалардың қаржылық есептілігі үшін жауапкершілігі

Басшылық осы қаржылық есептіліктің ХҚЕС бухгалтерлік есеп стандарттарына сәйкес дайындалуы мен әділ ұсынылуы үшін және алаяқтық немесе қателік салдарынан елеулі бұрмаланулары жоқ қаржылық есептілікті дайындауға қажет деп санайтын ішкі бақылау жүйесі үшін жауапты.

Қаржылық есептілікті дайындау кезінде басшылық Компанияның өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетін бағалауға, тиісті жағдайларда қызметтің үздіксіздігіне қатысты мәліметтерді ашуға және басшылық Компанияны таратуға, оны қызметін тоқтатуға ниеттенген немесе оның қызметін таратудан немесе тоқтатудан басқа қандай да бір нақты баламасы болмаған жағдайларды қоспағанда, қызметтің үздіксіздігі туралы жорамал негізінде есептілік жасауға жауапты.

Корпоративтік басқаруға жауапты тұлғалар Компанияның қаржылық есептілігін дайындалуын қадағалауға жауапты.

Аудитордың қаржылық есептілік аудиті үшін жауапкершілігі

Біздің мақсатымыз қаржылық есептілікте алаяқтық немесе қателіктер салдарынан елеулі бұрмалаулар жоқ екендігіне ақылға қонымды сенімділіктің болуы және біздің пікірімізді қамтитын аудиторлық қорытынды шығару болып табылады. Ақылға қонымды сенімділік – бұл жоғары деңгейдегі сенімділікті білдіреді, бірақ ол ХАС-қа сәйкес жүргізілген аудит маңызды бұрмалаулар болған жағдайда оларды әрқашан анықтайтындығына кепілдік бермейді. Бұрмалау алаяқтық әрекеттердің немесе қателіктердің нәтижесі болуы мүмкін және егер олар жеке немесе жиынтығында пайдаланушылардың осы қаржылық есептілік негізінде қабылданатын экономикалық шешімдеріне әсер етуі мүмкін деп негізді түрде болжауға болатын болса, маңызды болып есептеледі.

ХАС-қа сәйкес жүргізілетін аудит аясында біз кәсіби пайымдауды қолданамыз және бүкіл аудит барысында кәсіби күдікшілікті сақтаймыз. Сонымен қатар, біз келесі әрекеттерді орындаймыз:

- алаяқтық әрекеттер немесе қателіктер салдарынан қаржылық есептіліктің елеулі бұрмалануы тәуекелдерін анықтаймыз және бағалаймыз; осы тәуекелдерге жауап ретінде аудиторлық рәсімдерді әзірлейміз және жүргіземіз; біздің пікірімізді білдіруге негіз болу үшін жеткілікті және тиісті болып табылатын аудиторлық дәлелдемелерді аламыз. Алаяқтық әрекеттер нәтижесінде елеулі бұрмалануды анықтамау тәуекелі қателік нәтижесінде елеулі бұрмалануды анықтамау тәуекелінен жоғарырақ, себебі алаяқтық әрекеттер сөз байласуды, жалғандықты, қасақана өткізіп жіберуді, ақпаратты бұрмалап ұсынуды немесе ішкі бақылау жүйесінен тыс іс-әрекеттерді қамтуы мүмкін;
- Компанияның ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі туралы пікір білдіру мақсатында емес, мән-жайларға сәйкес келетін аудиторлық рәсімдерді әзірлеу мақсатында аудит үшін маңызы бар ішкі бақылау жүйесі туралы түсінік аламыз;
- қолданылған есеп саясатының тиісті сипатын және басшылық есептеген бағалау мөндерінің негізділігін және ақпараттың тиісті ашылуын бағалаймыз;
- біз басшылықтың қызметтің үздіксіздігіне жол беруінің заңдылығы туралы қорытынды жасаймыз, ал алынған аудиторлық дәлелдердің негізінде Компанияның өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетіне айтарлықтай күмән тудыруы мүмкін оқиғаларға немесе жағдайларға байланысты айтарлықтай белгісіздік бар ма деген қорытынды жасаймыз. Егер біз елеулі белгісіздіктің бар екендігі туралы қорытындыға келсек, біз аудиторлық есепте қаржылық есептіліктегі ақпаратты тиісті түрде ашуға назар аударуымыз керек немесе, егер мұндай ақпаратты ашу тиісті түрде болмаса, пікірімізді өзгертуге тиістіміз. Біздің тұжырымдарымыз аудиторлық есеп жасалған күнге дейін алынған аудиторлық дәлелдерге негізделген. Алайда, болашақ оқиғалар немесе жағдайлар Компанияның өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетін жоғалтуына әкелуі мүмкін;
- тұтастай алғанда, қаржылық есептіліктің ұсынылуын, оның құрылымы мен мазмұнын, оның ішінде ақпаратты ашуды, сондай-ақ қаржылық есептіліктің оның негізінде жатқан операциялар мен оқиғаларды олардың дұрыс ұсынылуын қамтамасыз ету үшін бақылаймыз.



Тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебі (жалғасы)

3-бет

Біз корпоративтік басқаруға жауапты тұлғалармен өзара ақпараттық қатынастар жасаймыз, оларға өзге ақпараттан бөлек, жоспарланған аудиттің көлемі мен мерзімдерін, сондай ақ, аудит нәтижесінде туындаған маңызды ескертпелер туралы, оның ішінде, аудит барысында айқындалған ішкі бақылаудың маңызды жетіспеушіліктері туралы мәлімет береміз.

«ПрайсуотерхаусКуперс» ЖШС атынан

PricewaterhouseCoopers LLP

Бекітілген:

А.Қоңратбаев

Азамат Қоңратбаев
Басқарушы директор
«ПрайсуотерхаусКуперс» ЖШС
(Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігінің
1999 жылғы 21 қазандағы № 0000005
Бас мемлекеттік лицензиясы)



Қол қойылған:

Алмаз Садыков

Алмаз Садыков
Атқарушы аудитор
(№МФ-0000745 Аудитордың біліктілік
куәлігі, 2019 жылғы 8 ақпан)

Ю. Калибекова

Юлия Калибекова
Аудит бойынша директор
(АССА Алқабилер бухгалтерлерінің
институты 2024 жылғы 11 шілдедегі
№24616340 сертификат)

2025 жылғы 12 ақпан
Алматы, Қазақстан

«ЖОҒАРЫ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ИНСТИТУТЫ» ЖШС
Пайда немесе шығын және өзге де жиынтық кіріс туралы есеп

Қазақстандық теңгемен, мың	Ескерт- пе	2024 ж.	2023 ж.
Түсім	6	5,028,595	4,333,885
Өзіндік құн	7	(4,163,323)	(3,608,255)
Жалпы пайда		865,272	725,630
Әкімшілік шығыстар	8	(517,001)	(440,189)
Құнсызданудан болған шығыстар	4	(90,418)	-
Қаржылық кірістер		80,688	30,139
Қаржылық шығыстар		(5,038)	(1,717)
Өзге де кірістер		30,259	99,387
Басқа шығыстар		(39,913)	(62,490)
Салық салынғанға дейінгі пайда		323,849	350,760
Табыс салығы бойынша шығыстар	9	(76,084)	(72,756)
БІР ЖЫЛДАҒЫ ПАЙДА		247,765	278,004
Табыс салығын шегергендегі басқа жиынтық шығын <i>Пайдаға немесе шығынға кейіннен қайта жіктеуге жатпайтын баптар</i>			
Қызметкерлерге ұзақ мерзімді сыйақылар		(9,312)	(9,997)
Табыс салығын шегергендегі жыл ішіндегі өзге де жиынтық шығын		(9,312)	(9,997)
БІР ЖЫЛДАҒЫ ЖИЫНТЫҚ КІРІС ЖИЫНЫ		238,453	268,007

Басшылық атынан 2025 жылғы 12 ақпанда қол қойылды:



Медес Р.К.
Бас директор

[Signature]
 А.К. Жайлыбаева
 Бас директордың экономика және қаржы жөніндегі орынбасары

[Signature]
 Г.М. Ныгметжанова
 Бас бухгалтер

«ЖОҒАРЫ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ИНСТИТУТЫ» ЖШС
Қаржылық жағдай туралы есеп

Қазақстандық теңгемен, мың	Ескерт- пе	2024 ж. 31 желтоқсан	2023 ж. 31 желтоқсан
АКТИВТЕР			
Ұзақ мерзімді активтер			
Негізгі құралдар	10	701,311	813,329
Материалдық емес активтер	11	126,785	117,553
Кейінге қалдырылған салық активтері	9	28,310	2,773
Ұзақ мерзімді активтер жиыны		856,406	933,655
Қысқа мерзімді активтер			
Қорлар	12	197,427	145,900
Сауда және өзге де дебиторлық берешек	13	1,479,582	1,310,245
Ағымдағы табыс салығы бойынша алдын ала төлем		44,498	24,229
Өзге қысқа мерзімді активтер		89,019	67,857
Ақша қаражаты және оның баламалары	14	772,767	539,689
Барлық қысқа мерзімді активтер		2,583,293	2,087,920
АКТИВТЕР ЖИЫНЫ		3,439,699	3,021,575
КАПИТАЛ			
Жарғылық капитал	15	2,228,355	2,228,355
Қосымша төленген капитал		6,088	6,088
Жинақталған шығындар		(382,602)	(343,051)
МЕНШІКТІ КАПИТАЛ ЖИЫНЫ		1,851,841	1,891,392
МІНДЕТТЕМЕЛЕР			
Ұзақ мерзімді міндеттемелер			
Қызметкерлерге ұзақ мерзімді сыйақылар		31,514	22,201
Активтерді шығару бойынша міндеттемелерге арналған резерв		7,963	7,732
Ұзақ мерзімді міндеттемелер жиыны		39,477	29,933
Қысқа мерзімді міндеттемелер			
Қызметкерлерге берешек	16	415,409	333,110
Сауда және өзге де кредиторлық берешек	17	679,276	425,624
Өзге қысқа мерзімді міндеттемелер	18	453,696	341,516
Қысқа мерзімді міндеттемелер жиыны		1,548,381	1,100,250
МІНДЕТТЕМЕЛЕР ЖИЫНЫ		1,587,858	1,130,183
МЕНШІКТІ КАПИТАЛ МЕН МІНДЕТТЕМЕЛЕР ЖИЫНЫ		3,439,699	3,021,575

Басшылық атынан 2024 жылғы 12 ақпанда қол қойылды:

Медео Р.К.
Бас директор



А.З. Жайлыбаева
Бас директордың экономика және
қаржы жөніндегі орынбасары

Г.М. Ныгметжанова
Бас бухгалтер

«ЖОҒАРЫ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ИНСТИТУТЫ» ЖШС
Ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп

Қазақстандық теңгемен, мың	Ескерт- пе	2024 ж.	2023 ж.
Операциялық қызметтен түскен ақша қаражатының қозғалысы:			
Сатылымдардан түсетін ақша		5,599,358	4,929,359
Өнім берушілер мен қызметкерлерге төлемдер		(4,346,983)	(4,280,420)
Бюджетке төленетін төлемдер		(664,697)	(602,115)
Төленген табыс салығы		(117,933)	(63,747)
Өзге де түсімдер		125,009	106,709
Операциялық қызметтен алынған таза ақша қаражаты		594,754	89,786
Инвестициялық қызметтен түскен ақша қаражатының қозғалысы:			
Негізгі құралдарды сатып алу		(76,531)	(76,037)
Негізгі құралдарды сатудан түсетін түсімдер		6,689	43,904
Материалдық емес активтерді сатып алу		(19,212)	(25,923)
Инвестициялық қызметте пайдаланылған таза ақша қаражаты		(89,054)	(58,056)
Қаржылық қызметтен түскен ақша қаражатының қозғалысы:			
Дивидендтер төлеу		(278,004)	-
Қаржы қызметінде пайдаланылған таза ақша қаражаты		(278,004)	-
Ақша қаражаты мен оның баламаларының таза өзгеруі			
Жыл басындағы ақша қаражаты және оның баламалары	14	227,696	31,730
Ақша қаражаты мен баламалардың баланстық құнының өзгеруінің әсері		539,689	525,250
Валюта бағамдарының өзгеруінің ақша қаражатының қалдықтарына әсері		(22)	(8)
		5,404	(17,283)
Жыл соңындағы ақша қаражаты және оның баламалары	14	772,767	539,689

Басшылық атынан 2025 жылғы 12 ақпанда қол қойылды:

 Медео Р.К. Бас директор		 А.К. Жайлыбаева Бас директордың экономика және қаржы жөніндегі орынбасары	 Г.М. Ныгметжанова Бас бухгалтер
---	---	--	---


«ЖОҒАРЫ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ИНСТИТУТЫ» ЖШС
Капиталдағы өзгерістер туралы есеп

Қазақстандық теңгемен, мың	Ескерт- пе	Жарғылық капитал	Қосымша төленген капитал	Жинақталған шығындар	Меншікті капитал жиыны
2023 ж. 1 қаңтардағы қалдық		2,123,014	6,088	(611,058)	1,518,044
Бір жылдағы пайда		-	-	278,004	278,004
Өзге де жиынтық шығын		-	-	(9,997)	(9,997)
Бір жылдағы жиынтық кіріс жиыны		-	-	268,007	268,007
Меншік иелерінің жарналары	15	105,341	-	-	105,341
2023 ж. 31 желтоқсандағы қалдық		2,228,355	6,088	(343,051)	1,891,392
Бір жыл ішіндегі пайда		-	-	247,765	247,765
Өзге де жиынтық шығын		-	-	(9,312)	(9,312)
Бір жылдағы жиынтық кіріс жиыны		-	-	238,453	238,453
Дивидендтерді төлеу	15	-	-	(278,004)	(278,004)
2024 ж. 31 желтоқсандағы қалдық		2,228,355	6,088	(382,602)	1,851,841

Басшылық атынан 2025 жылғы 12 ақпанда қол қойылды:



Медведь Р.К.
Бас директор


 А.К. Жайлыбаева
 Бас директордың экономика және
 қаржы жөніндегі орынбасары


 Г.М. Ныгметжанова
 Бас бухгалтер

1 Компания және оның қызметі туралы жалпы мәліметтер

Ұйымдық құрылымы және қызметі

Осы қаржылық есептілік «Жоғары технологиялар институты» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне (бұдан әрі - «Компания») 2024 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (ХҚЕС) сәйкес дайындалды.

Компания 2002 жылдың 5 ақпанында тіркелді. Компания Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде айқындалған мағынада жауапкершілігі шектеулі серіктестік болып табылады.

Компания «Қазатомөнеркәсіп» ұлттық атом компаниясы» АҚ (бұдан әрі «Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ) АҚ немесе «Бас компания») еншілес компаниясы болып табылады. Түпкілікті бақылаушы тарап «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ (бұдан әрі «Самұрық-Қазына» ҰӨҚ» АҚ) болып табылады.

2015 жылғы 20 қарашада Компанияның жалғыз қатысушысы («Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ) АҚ Директорлар кеңесі) «Қазақстан ядролық университеті» ЖШС (бұдан әрі - «ҚЯУ» ЖШС) және «Экоэнергомаш» ЖШС (бұдан әрі - «ЭЭМ» ЖШС) қосылу жолымен «Жоғары технологиялар институты» ЖШС қайта ұйымдастыру туралы шешім қабылдады. 2015 жылғы 25 қарашада «Жоғары технологиялар институты» ЖШС, «ҚЯУ» ЖШС және «ЭЭМ» ЖШС арасында «ҚЯУ» ЖШС және «ЭЭМ» ЖШС-тың «Жоғары технологиялар институты» ЖШС-не қосылуы туралы шартқа қол қойылды.

2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қайта ұйымдастыру жөніндегі корпоративтік рәсімдер аяқталды: активтер мен міндеттемелер толығымен «Жоғары технологиялар институты» ЖШС-не берілді, 2016 жылғы 11 наурыздағы жағдай бойынша, «ҚЯУ» ЖШС-тың «Жоғары технологиялар институты» ЖШС-не қосылуы туралы тапсыру актісі, «ҚЯУ» ЖШС пен «ЭЭМ» ЖШС-тің активтер мен міндеттемелердің (құқықтары мен міндеттерінің) «Жоғары технологиялар институты» ЖШС-не өзгеруі туралы анықтаманы ескере отырып, қайта құру шеңберінде «Жоғары технологиялар институты» ЖШС Жалғыз қатысушысының 2016 жылғы 1 сәуірдегі №114 шешімімен бекітілді. 6 сәуірде ҚР Әділет министрлігі Алматы қаласы бойынша Алматы ауданы Әділет басқармасының №1257 бұйрығымен «Жоғары технологиялар институты» ЖШС-не қосылу жолымен қайта ұйымдастыруға байланысты «ҚЯУ» ЖШС қызметі тоқтатылды. 2016 жылғы 13 сәуірде ҚР Әділет министрлігі Алматы қаласы бойынша Бостандық ауданы Әділет басқармасының №1220 бұйрығымен «Жоғары технологиялар институты» ЖШС-не қосылу жолымен қайта ұйымдастыруға байланысты «ЭЭМ» ЖШС қызметі тоқтатылды.

«Жоғары технологиялар институты» ЖШС «Экоэнергомаш» филиалы қызметінің одан әрі орынсыздығына байланысты 2016 жылғы 21 желтоқсанда Компанияның Жалғыз қатысушысы филиалдың қызметін тоқтату туралы шешім қабылдады. 2017 жылғы 6 наурызда ҚР Әділет министрлігі Алматы қаласы Әділет департаменті Бостандық ауданының Әділет басқармасының №930 бұйрығымен «Жоғары технологиялар институты» ЖШС «Экоэнергомаш» филиалының қызметі тоқтатылды. 2016 жылғы 26 желтоқсанда Компанияның Жалғыз қатысушысы «ИВТ-Берен» филиалының қызметін тоқтату туралы шешім қабылдады. Филиалдың қызметін тоқтату жөніндегі барлық рәсімдер 2017 жылғы 19 қаңтарда аяқталды, ҚР Әділет Министрлігі Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаменті Өскемен қаласының Әділет басқармасының №45р бұйрығымен «ИВТ-Берен» филиалының қызметі тоқтатылды.

2022 жылғы 10 маусымда Компанияның жалғыз қатысушысы «ИВТ-Зерде» филиалын тарату туралы Жол картасын бекітті. 2023 жылғы 28 наурызда Түркістан облысы бойынша «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Созақ аудандық филиалын тіркеу және жер кадастры бөлімінің бұйрығымен «ИВТ-Зерде» филиалының қызметі тоқтатылды.

Компанияның негізгі қызметі Қазақстан Республикасында уран өнеркәсібін стратегиялық дамыту, сондай-ақ мынадай қызметтер көрсету болып табылады: ғылыми-зерттеу, тәжірибелік-конструкторлық және инженерингтік, жобалау-конструкторлық және өзге де консультациялық қызметтер, химиялық сынақтар жүргізу, уран оксидіне дейін және уранды тауарлық десорбатқа дейін қайта өңдеу учаскесінде химиялық талдау бойынша қызметтер көрсету, дайын өнімнің сапасын бақылау, метрология және стандарттау бойынша қызметтер көрсету және өндірілген уранның және кейіннен қайта өңдеудің сапасын талдау мен бақылауға байланысты басқа да қызмет түрлерін жүзеге асыру. «Жоғары технологиялар институты» ЖШС «ҚЯУ» филиалының негізгі қызметі - Қазақстан Республикасының атом өнеркәсібі кәсіпорындары персоналының біліктілігін арттыруға, мемлекеттік және халықаралық деңгейге сәйкес келетін білім беру қызметтерін көрсетуге және т. б. бағытталған білім беру бағдарламаларын, курстарды, семинарлар мен тренингтерді ұйымдастыру.

1 Компания және оның қызметі туралы жалпы мәліметтер (жалғасы)

Компания қызметтерінің негізгі тұтынушылары «Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ» АҚ және оның еншілес ұйымдары (бұдан әрі- «Топ») болып табылады. Осылайша, Компания экономикалық тұрғыдан Топқа тәуелді. Сондай-ақ, Компанияның қызметі топтың қажеттіліктерімен тығыз байланысты және Компания Топқа ұсынатын қызметтердің бағасы Топтың кәсіпорындарымен келісім бойынша жүзеге асырылады. Байланысты тараптармен операциялар туралы толық ақпарат 21-ескертпеде келтіріледі.

Компанияның заңды мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Түркістан облысы, Созақ ауданы, Сызған ауылдық округі, Сызған ауылы, 079-орам, 5-ғимарат.

2 Компания өз қызметін жүзеге асыратын экономикалық орта

2022 жылдың 24 ақпанында Ресей Украинаға әскери шабуыл жасады. Шапқыншылыққа жауап ретінде АҚШ, Еуропалық Одақ және басқа да бірқатар мемлекеттер Ресейге қарсы кең ауқымды санкциялар енгізді, соның ішінде Ресей банктеріне Swift жүйесін пайдалануға тыйым салынды. Ресей - Қазақстанның ірі сауда серіктесі. Ресей сонымен қатар мұнайдың 80%- на дейін экспортқа тасымалданатын Каспий құбыр консорциумы (КҚК) арқылы негізгі сауда транзиті болып табылады. КҚК арқылы экспорттың шоғырлануы оның баға артықшылықтарын ескере отырып, Орта мерзімді перспективада жоғары болып қалады деп күтілуде. Қазақстан маршруттарды әртараптандыруға күш салуда, атап айтқанда Каспий теңізі арқылы Бакуге және КҚК бойынша емес Германияға экспорттың басталуымен, алайда бұл тасымалдар КҚК жылдық көлемінің шамамен 2% құрайды.

2024 жылғы қарашада Fitch Ratings халықаралық рейтингтік агенттігі тұрақты болжаммен «BBB» деңгейінде Қазақстанның шетел валютасындағы ұзақ мерзімді эмитент дефолтының рейтингін (ЭДРРДЭ) растады. Fitch мәліметтері бойынша, Қазақстанның «BBB» РДЭ өте үлкен сыртқы буфермен, «BBB» рейтингтік санатындағы тәуелсіз таза шетелдік активтердің (SNFA) үшінші ең жоғары позициясымен қолдау табады, бұл сондай-ақ мұнайдан жинақталған кірісті үнемдеумен қамтамасыз етілген қаржыландырудың икемділігін қамтамасыз етеді. Бұл факторларға шикізатқа өте жоғары тәуелділік, экспорттың шоғырлану қаупі, «BBB» рейтингі бар елдермен салыстырғанда ішінара аз дамыған макроэкономикалық саясат құрылымын көрсететін жоғары инфляция және басқарудың әлсіз көрсеткіштері қарсы тұрады.

Қазақстан болжамға сай экспорттың жартысынан астамын құрайтын шикі мұнай мен мұнай конденсаттарына аса тәуелді. Бұдан басқа, қазақстандық шикі мұнайдың 80% жуығы Ресей арқылы Каспий құбыр консорциумы (КҚК) арқылы экспортталады, бұл геосаяси тәуекелді тудырады. Жақында маршруттарды әртараптандыруға қарамастан, шығындар бойынша артықшылықтарды ескере отырып, үлес жоғары болып қалуы мүмкін.

Тұтастай алғанда, Қазақстан Республикасының экономикасында дамып келе жатқан нарықтарға тән кейбір өзіндік ерекшеліктер көрініс таппай отырған жоқ. Бұл ерекшеліктерге сонымен қатар елден тыс жерде еркін айырбасталмайтын ұлттық валюта және бағалы қағаздар нарығының өтімділігінің төмен деңгейі кіреді, бірақ олармен шектелмейді.

Осы есеп жасалған күндегі жағдай бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми айырбастау бағамы 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 1 АҚШ доллары үшін 523.54 теңгемен салыстырғанда 1 АҚШ доллары үшін 506.43 теңгені құрады (2023 жылғы 31 желтоқсан: 1 АҚШ доллары үшін 454.56 теңге).

Инфляция деңгейі 2024 жылы салыстырмалы түрде тұрақты болды және 2024 жылдың желтоқсанында 8.6% құрады, ал 2023 жылдың желтоқсанында 9.8% болды. 2024 жылы экономиканың өсуі 2023 жылғы 5.1%- бен салыстырғанда 3.8% - ға дейін баяулады. Сарапшылар ЖІӨ өсімі 2025 жылы 5% - ға дейін өседі деп болжайды.

Экономикалық орта компанияның қызметі мен қаржылық жағдайына айтарлықтай әсер етеді. Басшылық Компанияның тұрақты қызметін қамтамасыз ету үшін барлық қажетті шараларды қабылдайды. Алайда қалыптасқан экономикалық жағдайдың болашақ салдарын болжау қиын, және басшылықтың ағымдағы күтулері мен бағалаулары нақты нәтижелермен ерекшеленуі мүмкін.

Бұдан басқа, Қазақстан Республикасындағы тау-кен секторы Қазақстан Республикасындағы саяси, заңнамалық, салықтық және реттеушілік өзгерістердің ықпалына ұшырайды. Қазақстан Республикасының экономикалық тұрақтылығының перспективалары едәуір дәрежеде Үкімет қабылдайтын экономикалық шаралардың тиімділігіне, сондай-ақ елдің саяси жүйесі шеңберінде құқықтық өрісті дамытуға және жетілдіруге, яғни Компанияның бақылау саласынан тыс жағдайларға байланысты болады.

3 Есеп саясаты туралы маңызды ақпарат

Қаржылық есептілікті дайындау негізі

Осы қаржылық есептілік бастапқы тану әділ құны бойынша жүзеге асырылатын қаржы құралдарын қоспағанда, бастапқы құны бойынша есепке алу қағидалары негізінде ХҚЕС бухгалтерлік есеп стандарттарына сәйкес дайындалды. Осы қаржылық есептілікті дайындау кезінде қолданылатын есеп саясаты туралы елеулі ақпарат төменде келтірілген. Бұл саясат, егер басқаша көрсетілмесе, есептілікте ұсынылған барлық кезеңдерге қатысты дәйекті түрде қолданылды.

ХҚЕС бухгалтерлік есеп стандарттары бойынша қаржылық есептілікті дайындау кейбір маңызды бухгалтерлік бағалауды қолдануды талап етеді. Сонымен қатар, басшылық Компанияның есеп саясатын қолдану кезінде өз пікірлеріне сүйенуі керек. Бағалаудың немесе күрделіліктің неғұрлым жоғары дәрежесін болжайтын бухгалтерлік есеп салалары, сондай-ақ болжамдар мен бағалаулар қаржылық есептілік үшін маңызды болып табылатын салалар 4-ескертпеде көрсетілген. Нақты нәтижелер мұндай бухгалтерлік бағалаулардан өзгеше болуы мүмкін.

Функционалдық валюта және есептілікті ұсыну валютасы.

Компанияның функционалдық валютасы және осы қаржылық есептілікті жасау кезінде пайдаланылатын валюта болып табылатын Қазақстан теңгесі (бұдан әрі – «теңге») Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы болып табылады. Теңгемен ұсынылған барлық қаржылық ақпарат мыңға дейін дөңгелектенеді.

Үздіксіз қызмет принципі

Басшылық осы қаржылық есептілікті қызметтің үздіксіздігі қағидаты негізінде дайындады. 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияның жинақталған шығыны 382,602 мың теңгені (2023 жыл: 343,051 мың теңге) құрады, оның едәуір үлесі «Экоэнергомаш» ЖШС-тің 2016 жылы Компанияға қосылуы салдарынан болған шығын (қосылу сәтінде 472,068 мың теңге) болды (1-ескертпе).

Басшылық Компания жақын болашақта үздіксіз жұмысын жалғастырады деп санайды. Басшылықтың бұл шешімі Компанияның қаржылық жағдайын, ағымдағы даму жоспарларын және қызметтің күтілетін табыстылығын қарауға негізделеді. Атап айтқанда, басшылық Компанияның Қызметтің үздіксіздігі принципіне сәйкес өз қызметін жалғастыру қабілетін бағалау кезінде келесі факторларды қарастырды:

- Компанияның таза ағымдағы активтері оң болып табылады: 2024 жылғы 31 желтоқсанға компанияның қысқа мерзімді активтерінің сомасы қысқа мерзімді міндеттемелер сомасынан 1,034,912 мың теңгеге асып түсті (2023 жылғы 31 желтоқсан: 987,670 мың теңге);
- 2024 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішінде операциялық қызметтен түскен ақшалай қаражаттың таза ағыны 594,754 мың теңгені құрады, олар негізінен негізгі қызмет бойынша тапсырыс берушілерден түскен түсімдер есебінен қалыптасты (2023 жылғы 31 желтоқсан: 89,786 мың теңге);
- Компанияның қызметі «Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ» АҚ стратегиясын іске асыру үшін маңызды болып табылады. Бас компанияның Компания қызметін тарату немесе айтарлықтай қысқарту ниеті де, қажеттілігі де жоқ.

Бұл қаржылық есептілікте активтер мен міндеттемелердің баланстық құнына, көрсетілген кірістер мен шығыстарға, сондай-ақ осы белгісіздік салдарынан талап етілуі мүмкін қаржылық жағдай туралы есеп шоттарының жіктелуіне ешқандай түзетулер енгізілмейді және мұндай түзетулер елеулі болуы мүмкін.

Қаржы құралдары

Қаржы активтерін жіктеу және кейінгі бағалау: бағалау санаттары

Компанияның қаржылық активтері «амортизацияланған құн бойынша бағаланатын» санатымен ұсынылған және негізгі қызмет бойынша дебиторлық берешекті және өзге де қаржылық дебиторлық берешекті (13-ескертпе) және ақшалай қаражатты және олардың баламаларын (14-ескертпе) қамтиды.

3 Есеп саясаты туралы маңызды ақпарат (жалғасы)

Қаржы активтерінің құнсыздануы: күтілетін кредиттік шығындар негізінде бағалау резерві

Компания 9 ХҚЕС (IFRS) көзделген күтілетін кредиттік шығындарды бағалауға жеңілдетілген тәсілді қолданады, онда барлық сауда және басқа дебиторлық берешек үшін бүкіл мерзім ішінде күтілетін кредиттік залалдарға бағалау резерві пайдаланылады. .

Күтілетін кредиттік шығындарды бағалау үшін сауда және өзге де дебиторлық берешек кредиттік тәуекелдің жалпы сипаттамалары және төлем мерзімі өткен күндер саны негізінде топтастырылған.

Күтілетін кредиттік шығындар деңгейлері 2024 жылдың 31 желтоқсанына немесе 2025 жылдың 1 қаңтарына дейінгі 24 айдағы сату төлемдерінің кестелеріне сәйкесінше сол кезеңдегі ұқсас тарихи кредиттік шығындарға негізделген. Өткен кезеңдердегі шығындар деңгейі сатып алушылардың дебиторлық берешекті өтеу қабілетіне әсер ететін макроэкономикалық факторлар туралы ағымдағы және болжамды ақпаратты ескере отырып түзетіледі.

2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияда сатып алынған немесе құрылған құнсызданған қаржылық активтер болған жоқ.

Қаржылық міндеттемелерді бағалау санаттары

Компанияның қаржылық міндеттемелері амортизацияланған құны бойынша көрсетілетін «өзге де қаржылық міндеттемелер» санатымен ұсынылған. Компанияның өзге де қаржылық міндеттемелеріне сауда және өзге де қаржылық кредиторлық берешек жатады (17-ескертпе).

Негізгі құралдар

Тану және бағалау

Негізгі құралдар жинақталған амортизацияны және құнсызданудан жинақталған шығындарды шегергенде (қажет болған жағдайда) бастапқы құны бойынша көрсетіледі. Пайдалы қызмет мерзімі тұтастай алғанда осы объектінің пайдалы қызмет мерзімінен ерекшеленетін негізгі құралдар объектісінің жекелеген елеулі бөліктері жекелеген объектілер (компоненттер) ретінде есепке алынады және осы бөліктерді пайдаланудың болжамды мерзімдерін көрсететін нормалар бойынша амортизацияланады.

Негізгі құралдардың тозуы

Негізгі құралдар объектісінің әрбір елеулі құрамдас бөлігі актив пайдалануға қолжетімді болған сәттен бастап, оның пайдалы пайдалануының күтілетін мерзімі ішінде тікелей әдіспен амортизацияланады және амортизациялық аударымдар кезең ішіндегі пайда немесе залал құрамына енгізіледі. Компанияның жалдау мерзімінің соңында тиісті активтерге меншік құқығы оған ауысатынына негізделген сенімділігі болған жағдайларды қоспағанда, жалға алынған активтер активтердің пайдалы қызмет мерзімі ішінде амортизацияланады. Жер учаскелері амортизацияланбайды.

Есепті және салыстырмалы кезеңдерде негізгі құралдарды пайдалы пайдаланудың күтілетін мерзімдері келесідей болды:

	<u>Жыл саны</u>
Ғимараттар мен құрылыстар	10-50 жыл
Машиналар мен жабдықтар	3-50 жыл
Көлік құралдары	3-10 жыл
Басқа да негізгі құралдар	3-20 жыл

Материалдық емес активтер

Компанияның материалдық емес активтері түпкілікті пайдалану мерзіміне ие және негізінен өндіріс технологиясын, бағдарламалық жасақтаманы және лицензиялар мен патенттерді әзірлеу бойынша капиталдандырылған шығындарды қамтиды. Сатып алынған компьютерлік бағдарламалық қамтамасыз ету және лицензиялар мен патенттер оларды сатып алуға және енгізуге жұмсалған шығындар сомасында капиталдандырылады.

3 Есеп саясаты туралы маңызды ақпарат (жалғасы)

Амортизация

Материалдық емес активтер бойынша амортизациялық аударымдар олар пайдалануға дайын болған сәттен бастап есептеледі және оларды пайдалы пайдаланудың тиісті мерзімдері бойы тікелей әдіспен кезең ішіндегі пайда немесе залал құрамында танылады. Есепті және салыстырмалы кезеңдерде материалдық емес активтерді пайдалы пайдаланудың күтілетін мерзімдері мынадай болды:

	<u>Жыл саны</u>
Лицензиялар	3-20 жыл
Ғылыми әзірлемелер	3-20 жыл
Бағдарламалық жасақтама	1 - 14 жыл
Патенттер	2-20 жыл
Өзгелері	2 - 15 жыл

Сауда және өзге де дебиторлық берешек

Сауда және басқа дебиторлық берешек – бұл әдеттегі шаруашылық қызмет барысында көрсетілген сатылған тауарлар немесе қызметтер үшін клиенттерден алынатын сомалар. Олар әдетте 12 ай ішінде өтеледі, сондықтан барлығы ағымдағы ретінде жіктеледі. Сауда-саттық дебиторлық берешегі бастапқыда өтеу сомасы бойынша танылады, ол әділ құны бойынша танылған кезде елеулі қаржылық компоненттері бар жағдайларды қоспағанда, шартсыз болып табылады. Компания шартта көзделген ақша ағындарын алу мақсатында сауда-саттық дебиторлық берешегін ұстайды, сондықтан оны кейіннен тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін қолдана отырып, амортизацияланған құн бойынша бағалайды. Компанияның құнсыздануға қатысты саясаты және құнсыздануға арналған резервті есептеу туралы толық ақпарат 19-ескертпеде келтірілген. Басқа дебиторлық берешек бастапқыда әділ құн бойынша танылады және кейіннен тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін қолдана отырып амортизацияланған құн бойынша көрсетіледі. Бұл негізінен сатылған тауарлар немесе көрсетілген қызметтер үшін қарызды қоспағанда, ағымдағы дебиторлық берешек.

Қорлар

Қорлар екі шаманың ең азы бойынша көрсетіледі: нақты құны және сатудың таза құны. Қорларды өндіріске жіберу және өзге де шығу кезінде оларды бағалау орташа өлшенген құн әдісі бойынша жүргізіледі.

Ақша қаражаты және оның баламалары

Ақша қаражаттары мен оның баламаларына кассадағы ақша қаражаттары, талап етілгенге дейінгі банктік шоттардағы қаражат және шарт бойынша бастапқы өтеу мерзімі үш айдан аспайтын басқа да қысқа мерзімді жоғары өтімді инвестициялар жатады. Ақша қаражаттары мен ақша қаражаттарының баламалары амортизацияланған құн бойынша көрсетіледі, өйткені (i) олар шартта көзделген ақша ағындарын алу үшін ұсталады және бұл ақша ағындары тек негізгі қарыз бен пайыз есебінен төлемдер болып табылады және (ii) олар пайда немесе залал арқылы әділ құн бойынша бағаланатын санатқа жатқызылмайды. Пайдаланылуы шектелген ақша қаражаттарының қалдықтары ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есепті жасау мақсатында ақша қаражаттарының құрамынан және олардың баламаларынан алынып тасталады. Есепті күннен кейін кемінде он екі ай ішінде міндеттемелерді өтеу үшін айырбастауға немесе пайдалануға шектелген ақша қаражатының қалдықтары өзге ұзақ мерзімді активтердің құрамына енгізіледі, ал шектелген ақша қаражатының қалдықтары қаржылық жағдай туралы есеп беру күнінен кейін үш айдан астам, бірақ он екі айдан аз уақыт ішінде өзге қаржы активтеріне енгізіледі.

Қосылған құн салығы

Сату кезінде туындайтын қосылған құн салығы (бұдан әрі - «ҚҚС») тауарлар жөнелтілген немесе қызметтер көрсетілген кезде салық органдарына төленуге жатады. Сатып алу бойынша ҚҚС өнім берушіден салық шот-фактурасын алған кезде сату бойынша ҚҚС-пен есептелуге жатады. Салық заңнамасы ҚҚС-ты таза негізде есепке алуға мүмкіндік береді. Тиісінше, қаржылық жағдай туралы есепті жасау күніне есептелмеген сату және сатып алу операциялары бойынша ҚҚС қаржылық жағдай туралы есепте таза негізде танылады. Өтелетін ҚҚС, егер оны өтеу қаржылық жағдай туралы есеп жасалған күннен бастап бір жыл ішінде күтілмесе, айналымнан тыс актив ретінде жіктеледі.

3 Есеп саясаты туралы маңызды ақпарат (жалғасы)

Сауда және өзге де кредиторлық берешек

Сауда және басқа да кредиторлық берешек контрагенттің өзінің шарттық міндеттемелерін орындау фактісі бойынша есептеледі. Компания бастапқыда тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін қолдана отырып, әділ құн бойынша және кейіннен амортизацияланатын құн бойынша алынған аванстарды қоспағанда, негізгі қызмет бойынша кредиторлық берешекті және басқа да кредиторлық берешекті ескереді. Алынған аванстар үшінші тараптардан алынған нақты сомалар бойынша көрсетіледі.

Қызметкерлерге сыйақы

Жалақыға, зейнетақы аударымдарына, әлеуметтік сақтандыру қорына жарналарға, жыл сайынғы төленген демалыстарға және ауруханаға, сыйлықақыларға және ақшалай емес жеңілдіктерге арналған шығыстар Компания қызметкерлерінің тиісті жұмыстарды жүзеге асыруына қарай есептеледі. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Компания қызметкерлердің жалақысынан зейнетақы аударымдарын ұстайды және оларды «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ-қа аударады. Қызметкерлер зейнетке шыққан кезде барлық зейнетақы төлемдерін Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры төлейді.

Түсімді мойындау

Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түсім

Түсім – бұл Компанияның әдеттегі қызметі барысында пайда болатын табыс. Түсім мәміле бағасының мөлшерінде танылады. Мәміленің бағасы үшінші тараптардың атынан алынған сомаларды есепке алмай, сатып алушыға уәде етілген тауарларды немесе қызметтерді бақылауды беру үшін Компания алатын құқықты білдіреді. Түсім қосылған құн салығын шегергенде танылады.

Қаржыландыру элементі жоқ деп саналады, өйткені сату нарықтық тәжірибеге сәйкес 30 күндік мерзімге кейінге қалдырылған төлеммен жүзеге асырылады.

Активтер мен шығыстарды тану

Тікелей шартқа (немесе белгілі бір болжамды шартқа) қатысты шығындар келесі шығындарды қамтиды:

- тікелей еңбек шығындары (мысалы, сатып алушыға тікелей уәде етілген қызмет көрсететін жұмысшылардың жалақысы немесе еңбек ақысы);
- тікелей материалдық шығындар (мысалы, сатып алушыға уәде етілген қызметтерді ұсыну үшін пайдаланылатын шығын материалдары);
- шартқа немесе шарт бойынша қызметке тікелей байланысты бөлінген шығындар (мысалы, шартты басқару және оның орындалуын бақылау шығындары, шартты орындау үшін пайдаланылатын құралдар мен жабдықтардың сақтандырылуы және амортизациясы);
- сатып алушы өтейтін шығындар;
- Компанияның шарт жасасуы салдарынан болған басқа шығындар (мысалы, қосалқы мердігерлерге төлемдер).

Осы талаптарға сәйкес танылған актив актив жататын тауарларды немесе қызметтерді сатып алушыға беруге сәйкес келетін жүйелі негізде амортизациялануы тиіс.

Табыс салығы

Ағымдағы салық ағымдағы және өткен кезеңдер үшін салық салынатын пайдаға немесе залалға қатысты салық органдарынан төлеу немесе өтеу болжанатын соманы білдіреді.

Кейінге қалдырылған салық активтері мен міндеттемелері, егер ағымдағы салық міндеттемелері мен активтерін өзара есепке алуға заңды түрде бекітілген құқық болса және олар бір салық салынатын кәсіпорында бір салық органына қатысты болса, егер ағымдағы салық міндеттемелері мен активтерін таза негізде өтеу ниеті болса немесе салық активтері мен міндеттемелері бір уақытта іске асырылатын болса, өзара есепке алынады.

4 Есеп саясатын қолданудағы негізгі есептік бағалау және кәсіби пайымдаулар

Компания бағалауды пайдаланады және есептілікте көрсетілген сомаларға және келесі қаржы жылындағы активтер мен міндеттемелердің баланстық құнына әсер ететін болжамдар жасайды. Бағалаулар мен пайымдаулар үнемі сыни талдауларға ұшырайды және өткен көшбасшылық тәжірибеге және басқа факторларға, соның ішінде қалыптасқан жағдайларда негізделген деп есептелетін болашақ оқиғаларға қатысты күтулерге негізделген. Бухгалтерлік есеп саясатын қолдану барысында басшылық бухгалтерлік бағалауға қатысты кәсіби пікірлерді де қолданады. Қаржылық есептілікте көрсетілген цифрлық деректерге неғұрлым елеулі әсер ететін пайымдаулар және келесі қаржылық кезеңдегі активтер мен міндеттемелердің баланстық құнын айтарлықтай түзету қажеттілігіне әкелуі мүмкін бағалаулар мыналарды қамтиды:

Түсімді мойындау

Ғылыми-зерттеу және жобалау-конструкторлық қызметтер көрсетуге арналған шарттар жұмыстың бір немесе бірнеше кезеңдерінен тұрады. Осы шарттар жасалған кезде Компания шарттың жекелеген кезеңі ерекше қызметке немесе тауарға сәйкес келетіндігін және тауарды немесе қызметті бақылау сатып алушыға берілетіндігін бағалайды. Компания басшылығы 2024 жылға арналған ғылыми-зерттеу және жобалау-конструкторлық қызметтер көрсетуге арналған шарттарға талдау жасап, қызметті бақылау жұмыс кезеңі аяқталған кезде берілетінін қорытындылады. Атап айтқанда, Компания бақылауды берудің келесі көрсеткіштерін қарастырды:

- Компания әр кезең үшін берілген жұмыс нәтижесі (есеп) үшін өтеу сомасына құқылы;
- Сатып алушы әр кезең үшін берілген жұмыс нәтижесіне (есепіне) меншік құқығын алады;
- Сатып алушы әр кезең үшін жұмыс нәтижесіне (есеп) физикалық меншік құқығын алады;
- Сатып алушыға әр кезеңдегі жұмыс нәтижесіне байланысты барлық тәуекелдер мен пайда (есеп) ауысады;
- Сатып алушы әр кезең үшін орындалған жұмыстар актісіне қол қойылған сәттен бастап әр кезең үшін жұмыс нәтижесін (есепін) қабылдайды.

Бақылауды беру индикаторларын орындау әрбір кезең белгілі бір уақытта орындалатын орындауға жеке сәйкестендірілетін міндет болып табылатынын және тиісінше әрбір кезең бойынша түсім орындалған жұмыстар актісіне қол қойылғаннан кейін бір мезгілде танылатынын көрсетеді.

Компания сатып алушылармен жасалған шарт бойынша шартты орындау шығындарын актив ретінде таниды. 2024 жылы осы активтер бойынша 1,738,683 мың теңге көлемінде түсім мойындады (2023 жыл: 1,689,600 мың теңге).

Негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің құнсыздануы

Әрбір есепті кезеңнің соңында басшылық негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің құнсыздану белгілерінің болуын айқындайды. Құнсыздану белгілері болған кезде басшылық сатуға арналған шығындарды және оның пайдаланудан түскен құнын шегергендегі активтің әділ құны шамаларының ең үлкені ретінде айқындалатын өтелетін соманы бағалайды. Пайдалану құнын есептеу бағалау деректерін және басшылықтың кәсіби пікірлерін қолдануды талап етеді.

2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша басшылық негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің құнсыздану белгілеріне талдау жүргізді және «Шаймалау ерітінділерін белсендірудің тәжірибелі мобильді қондырғысы» жабдығынан басқа құнсыздану белгілерін анықтаған жоқ, оны Компания жақын болашақта пайдаланудан экономикалық пайда мен ақша қаражатының түсуін күтпейді (2023 жылғы 31 желтоқсанға: аяқталмаған құрылыс объектілерінің құнсыздануы құнсызданудың қандай да бір белгілерін анықтаған жоқ) (10-ескертпе). Сондықтан, 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 90,418 мың теңге мөлшерінде құнсызданудан болған шығыстар танылды.

4 Есеп саясатын қолданудағы негізгі есептік бағалау және кәсіби пайымдаулар (жалғасы)

Экологиялық заңнама

1-ескертпеде көрсетілгендей, Компанияның қызметі химиялық сынақтар жүргізу және уран оксиді-тотығына дейін және уранды тауарлық десорбатқа дейін қайта өңдеу учаскесінде химиялық талдау бойынша қызметтер көрсету, дайын өнімнің сапасын бақылау, метрология және стандарттау бойынша қызметтер көрсету және өндірілген уранның және кейіннен қайта өңдеудің сапасын талдау мен бақылауға байланысты басқа да қызмет түрлерін жүзеге асыруды қамтиды. Басшылық компанияның әкімшілік жағынан Қазақстан Республикасы Түркістан облысының Созақ ауданына жататын «Қазатомөнеркәсіп-Сауран» ЖШС «Қанжуған» кенішінің технологиялық алаңында орналасқан Компанияның зертханалық корпусын пайдаланудан шығаруды және бөлшектеуді қаржыландыру бойынша заңды міндеттемесі бар деген қорытындыға келді. Зертханалық корпус жер қойнауын пайдаланушының келісімшарттық міндеттемесіне сәйкес таратылатын «Қанжуған» кенішінің қосалқы инфрақұрылымы ретінде 2043 жылға қарай таратылуға жатады. 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша активтерді шығару бойынша міндеттемелерге арналған резервтердің жалпы баланстық құны 7,963 мың теңгені құрады (2023 жыл: 7,732 мың теңге). Әрбір есепті күнге басшылық есепті күнге барлық қолда бар фактілерді ескере отырып, міндеттеменің болуын бағалайтын болады (20-ескертпе).

5 Жаңа немесе өзгертілген стандарттар мен интерпретацияларды қолдану

Келесі жаңа стандарттар мен түзетулер 2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енді:

- **16 «Жалға алу: кері жалдаумен сату кезіндегі міндеттемелер» ХҚЕС (IFRS)** (2022 жылдың 22 қыркүйегінде шығарылды және 2024 жылдың 1 қаңтарынан басталатын немесе одан кейінгі жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді).
- **Міндеттемелерді қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді деп жіктеу** - ХҚЕС (IAS) түзетулері 1 (бастапқыда 2020 жылдың 23 қаңтарында шығарылды және кейіннен 2020 жылдың 15 шілдесінде және 2022 жылдың 31 қазанында өзгертілді, сайып келгенде, 2024 жылдың 1 қаңтарынан басталатын немесе одан кейінгі жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді).
- **7 «Ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп» ХҚЕС (IAS) және 7 «Қаржы құралдары: ақпаратты ашу: жеткізушіні қаржыландыру туралы келісімдер» ХҚЕС (IFRS) түзетулері** (2023 жылғы 25 мамырда шығарылды).

2025 жылғы 1 қаңтарда немесе одан кейін басталатын және Компания мерзімінен бұрын қабылдамаған жылдық кезеңдер үшін міндетті болып табылатын бірқатар жаңа стандарттар мен интерпретациялар жарияланды.

- **21 «Айырбастау мүмкіндігі шектеулі» ХҚЕС (IAS) түзетулері** (2023 жылғы 15 тамызда шығарылды және 2025 жылғы 1 қаңтардан басталатын немесе одан кейінгі жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді).
- **Қаржы құралдарын жіктеу және бағалау талаптарына түзетулер-ХҚЕС (IFRS) 9 және ХҚЕС (IFRS) 7 түзетулері** (2024 жылғы 30 мамырда шығарылған және 2026 жылғы 1 қаңтардан немесе одан кейінгі жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді).
- **18 «Қаржылық есептілікте ақпаратты ұсыну және ашу» ХҚЕС (IFRS)** (2024 жылғы 9 сәуірде шығарылды және 2027 жылғы 1 қаңтардан басталатын немесе осы күннен кейінгі жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді).
- **19 «Жария емес еншілес компаниялар: ақпаратты ашу» ХҚЕС (IFRS)** (2024 жылғы 9 мамырда шығарылды және 2027 жылғы 1 қаңтардан басталатын немесе одан кейінгі жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді).
- **14 «Кейінге қалдырылған тарифтік түзетулер шоттары» ХҚЕС (IFRS)** (2014 жылғы 30 қаңтарда шығарылды).
- **10 ХҚЕС (IFRS) және 28 ХҚЕС (IAS) түзетулері - «Инвестор мен оның қауымдасқан ұйымы немесе бірлескен кәсіпорны арасындағы мәмілелерде активтерді сату немесе жарна салу»** (2014 жылғы 11 қыркүйекте шығарылды және ХҚЕС кеңесі айқындайтын күннен басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді).
- **ХҚЕС бухгалтерлік есеп стандарттарын жыл сайынғы жетілдіру** (2024 жылғы шілдеде шығарылған және 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді).

Егер жоғарыда өзгеше көрсетілмесе, осы жаңа стандарттар мен түсініктемелер компанияның қаржылық есептілігіне айтарлықтай әсер етпейді деп күтілуде.

6 Түсім

Компания келесі негізгі өнім желілері бойынша қызметтерді белгілі бір уақытта беру кезінде кіріс алады:

Қазақстандық теңгемен, мың	2024 ж.	2023 ж.
Ғылыми-зерттеу жұмыстарына және көрсетілген жобалау-конструкторлық қызметтерге арналған шарттар бойынша кірістер	2,695,977	2,425,569
Біліктілікті арттыру, оқыту бойынша қызметтер	1,687,434	1,586,429
Зертхана қызметтері	605,506	275,239
Метрология қызметтері	29,846	22,234
Өзгесі	9,832	24,414
Түсім жиыны	5,028,595	4,333,885

Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша қалдықтар 31 желтоқсандағы жағдай бойынша төмендегідей ұсынылған:

Қазақстандық теңгемен, мың	Ескерт- пе	2024 ж.	2023 ж.
Сауда және өзге де дебиторлық берешек	13	1,479,582	1,310,245
Шартты орындауға арналған шығындар	12	148,273	108,412
Сатып алушылардан алынған аванстар	18	113,296	107,405

Компания сатып алушылармен жасалған шарттарда көрсетілгендей, орындалған жұмыстар актісіне сәйкес сатып алушыларға шот-фактуралар жазып береді. Шарттар бойынша міндеттемелер сатып алушылардан шарт бойынша жұмыстарды орындағаны үшін алынған аванстарға жатады.

7 Өзіндік құн

Қазақстандық теңгемен, мың	2024 ж.	2023 ж.
Үшінші тараптардың қызметтері	1,732,628	1,502,166
Персоналдың еңбегіне ақы төлеу жөніндегі шығыстар	1,714,974	1,441,826
Материалдар	198,048	200,753
Тозу және амортизация	127,705	104,696
Салықтар және бюджетке төленетін өзге де төлемдер	111,654	91,396
Іссапар шығындары	82,375	85,342
Жалдау	32,947	23,980
Өзгелері	162,992	158,096
Өзіндік құн жиыны	4,163,323	3,608,255

8 Әкімшілік шығыстар

Қазақстандық теңгемен, мың	2024 ж.	2023 ж.
Персоналдың еңбегіне ақы төлеу жөніндегі шығыстар	389,381	328,466
Салықтар және бюджетке төленетін өзге де төлемдер	26,592	27,031
Іссапар шығындары	13,260	7,962
Тозу және амортизация	12,924	12,077
Жалдау	5,292	5,740
Үшінші тараптардың қызметтері	5,118	5,979
Жөндеу және техникалық қызмет көрсету	3,169	2,606
Материалдар	2,966	2,433
Өзгелері	58,299	47,895
Әкімшілік шығыстар жиыны	517,001	440,189

2024 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін қаржылық есептілікті аудиторлық тексергені үшін Компанияның аудиторуна төленетін сыйақы 4,391 мың теңгені құрады (2023 жыл: 4,391 мың теңге).

9 Табыс салығы

Табыс салығы бойынша (шығыстар)/үнемдеу мыналарды қамтиды:

Қазақстандық теңгемен, мың	2024 ж.	2023 ж.
Кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша шығыстар/(үнемдеу)	25,537	(13,041)
Ағымдағы табыс салығы бойынша шығыстар	(101,191)	(59,715)
Алдыңғы кезеңдегі табыс салығы бойынша шығыстар	(430)	-
Табыс салығы бойынша шығыстар	(76,084)	(72,756)

Төменде табыс салығын қолданыстағы салық мөлшерлемесіне көбейтілген бухгалтерлік пайда сомасымен салыстыру келтірілген :

Қазақстандық теңгемен, мың	2024 ж.	2023 ж.
Салық салынғанға дейінгі пайда	323,849	350,760
Қолданыстағы 20% мөлшерлеме бойынша салық бойынша теориялық шығыстар	(64,770)	(70,152)
Шегерілмейтін немесе салық салынбайтын баптардың салықтық әсері:		
- Шегерілмейтін шығындар	(9,386)	(8,468)
- Өткен жылдардағы салықты қосымша есептеу	(430)	-
- Өзгелері	(1,498)	5,864
Бір жылдағы табыс салығы бойынша шығыстар	(76,084)	(72,756)

ХҚЕС пен Қазақстан Республикасының салық заңнамасы арасындағы айырмашылықтар қаржылық есептілікті жасау мақсатында активтер мен міндеттемелердің баланстық құны мен табыс салығын есептеу үшін олардың базасы арасындағы уақытша айырмашылықтардың туындауына әкеп соғады. Төменде талапты іске асыру немесе міндеттемені өтеу кезеңіне қолданылатын салық мөлшерлемелері бойынша есептелетін осы уақытша айырмашылықтардың қозғалысының салықтық әсері келтірілген. Қазақстан Республикасының ағымдағы салық заңнамасына сәйкес табыс салығының мөлшерлемесі 20% - ға тең.

9 Табыс салығы (жалғасы)

Кейінге қалдырылған салық активтері мен міндеттемелері мыналарға жатады:

Қазақстандық теңгемен, мың	2023 ж. 31 желтоқсан	Пайда немесе шығын шотына жатқызылған	2024 ж. 31 желтоқсан
Шегерілетін уақытша айырмалардың салықтық әсері			
Қорларға арналған резервтер	3,856	54	3,910
Дебиторлық берешекке арналған резервтер	99	169	268
Материалдық емес актив	-	113	113
Салықтар	3,787	1,328	5,115
Басқа міндеттемелер	290	544	834
Ұзақ мерзімді бағалау міндеттемелері	1,547	46	1,593
Демалыс және сыйлықақылар бойынша есептелген міндеттемелер	57,399	7,235	64,634
Кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша жалпы актив	66,978	9,489	76,467
Салық салынатын уақытша айырмалардың салық тиімділігі			
Негізгі құралдар мен материалдық емес активтер	(64,205)	16,048	(48,157)
Кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша жалпы міндеттеме	(64,205)	16,048	(48,157)
Кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша танылған актив	2,773	25,537	28,310

Басшылық 76,467 мың теңге сомасында кейінге қалдырылған салық активтері (2023 жыл: 66,978 мың теңге) және 48,157 мың теңге сомасында кейінге қалдырылған салық міндеттемелері (2023 жыл: 64,205 мың теңге) есепті күннен кейін 12 айдан астам мерзімде өтеледі деп есептейді.

Қазақстандық теңгемен, мың	2022 ж. 31 желтоқсан	Пайда немесе шығын шотына жатқызылған	2023 ж. 31 желтоқсан
Шегерілетін уақытша айырмалардың салықтық әсері			
Қорларға арналған резервтер	4,270	(414)	3,856
Дебиторлық берешекке арналған резервтер	683	(584)	99
Салықтар	1,890	1,897	3,787
Басқа міндеттемелер	2,578	(2,288)	290
Ұзақ мерзімді бағалау міндеттемелері	-	1,547	1,547
Демалыс және сыйлықақылар бойынша есептелген міндеттемелер	60,350	(2,951)	57,399
Кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша жалпы актив	69,771	(2,793)	66,978
Салық салынатын уақытша айырмалардың салық тиімділігі			
Негізгі құралдар мен материалдық емес активтер	(53,957)	(10,248)	(64,205)
Кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша жалпы міндеттеме	(53,957)	(10,248)	(64,205)
Кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша танылған актив	15,814	(13,041)	2,773

10 Негізгі құралдар

Қазақстандық теңгемен, мың	Жер	Ғимарат-тар мен құрылыстар	Қондырғылар мен жабдықтар	Көлік құралдары	Өзгелері	Аяқталмаған құрылыс	Жиыны
Тарихи құны							
2023 ж. 1 қаңтардағы қалдық	1,604	397,173	842,677	56,529	134,206	-	1,432,189
Түсімдер	-	-	150,107	17,706	8,858	-	176,671
Жұмсалуды	-	(3,600)	(5,690)	(15,454)	(5,704)	-	(30,448)
Өзгесі	-	7,732	(235)	-	(147)	-	7,350
2023 ж. 31 желтоқсандағы қалдық	1,604	401,305	986,859	58,781	137,213	-	1,585,762
Түсімдер	-	-	14,952	24,730	40,423	7,905	88,010
Жұмсалуды	(281)	-	(22,230)	-	(3,638)	(7,127)	(33,276)
Өзгесі	-	(680)	(877)	778	877	(778)	(680)
2024 ж. 31 желтоқсандағы қалдық	1,323	400,625	978,704	84,289	174,875	-	1,639,816
Жинақталған тозу							
2023 ж. 1 қаңтардағы қалдық	-	(97,244)	(468,853)	(56,529)	(87,533)	-	(710,159)
Бір жылда есептелгені	-	(15,587)	(60,418)	(1,054)	(15,566)	-	(92,625)
Жұмсалуды	-	3,600	5,690	15,454	5,607	-	30,351
2023 ж. 31 желтоқсандағы қалдық	-	(109,231)	(523,581)	(42,129)	(97,492)	-	(772,433)
Бір жылда есептелгені	-	(15,884)	(68,761)	(4,190)	(12,670)	-	(101,505)
Жұмсалуды	-	-	22,230	-	3,621	-	25,851
Құнсыздану	-	-	(90,418)	-	-	-	(90,418)
2024 ж. 31 желтоқсандағы қалдық	-	(125,115)	(660,530)	(46,319)	(106,541)	-	(938,505)
Таза баланстық құны							
2023 ж. 31 желтоқсанға	1,604	292,074	463,278	16,652	39,721	-	813,329
2024 ж. 31 желтоқсанға	1,323	275,510	318,174	37,970	68,334	-	701,311

2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша толық амортизацияланған негізгі құралдардың құны 407,835 мың теңгені құрады (2023 жылғы 31 желтоқсан: 321,190 мың теңге). Олардың жарамдылығына байланысты олар өндірістік және әкімшілік мақсаттарда қолданыла береді.

11 Материалдық емес активтер

Қазақстандық теңгемен, мың	Лицензиялар	Бағдарламалық жасақтама	Өзгелері	Жиыны
Тарихи құны				
2022 ж. 1 қаңтарға қалдық	5,485	131,797	138,823	276,105
Түсімдер	-	17,111	11,759	28,870
Қорлардан аударымдар	-	105	-	105
2023 ж. 31 желтоқсандағы қалдық	5,485	149,013	150,582	305,080
Түсімдер	-	35,642	6,570	42,212
Жұмсалуды	(1,855)	(20,231)	-	(22,086)
Өзгесі	(3,063)	(1,125)	4,188	-
2024 ж. 31 желтоқсандағы қалдық	567	163,299	161,340	325,206
Жинақталған амортизация				
2023 ж. 1 қаңтардағы қалдық	(2,153)	(66,477)	(87,797)	(156,427)
Бір жылда есептелгені	(44)	(12,649)	(18,407)	(31,100)
2023 ж. 31 желтоқсандағы қалдық	(2,197)	(79,126)	(106,204)	(187,527)
Бір жылда есептелгені	(44)	(14,360)	(18,576)	(32,980)
Жұмсалуды	1,855	20,231	-	22,086
2024 ж. 31 желтоқсандағы қалдық	(386)	(73,255)	(124,780)	(198,421)
Таза баланстық құн:				
2023 ж. 31 желтоқсанға	3,288	69,887	44,378	117,553
2024 ж. 31 желтоқсанға	181	90,044	36,560	126,785

12 Қорлар

Қазақстандық теңгемен, мың	Ескертпе	2024 ж. 31 желтоқсан	2023 ж. 31 желтоқсан
Шартты орындауға арналған шығындар	6	148,273	108,412
Шикізат және шығын материалдары		68,454	56,522
Өзге материалдар		248	248
Өтімді емес және ескірген қорлар бойынша резервті шегергенде		(19,548)	(19,282)
Қорлар жиыны		197,427	145,900

Бір жылдағы ескірген қорларға арналған резервтің қозғалысы келесідей:

Қазақстандық теңгемен, мың	2024 ж.	2023 ж.
Жыл басындағы қалдық	(19,282)	(23,362)
Жыл ішінде есептелгені	(4,735)	(10,418)
Қорлардың шығуына байланысты резервтің азаюы	4,469	14,498
Жыл соңындағы қалдық	(19,548)	(19,282)

13 Сауда және өзге де дебиторлық берешек

Қазақстандық теңгемен, мың	2024 ж. 31 желтоқсан	2023 ж. 31 желтоқсан
Сауда дебиторлық берешек	1,396,179	1,089,140
Басқа да дебиторлық берешек	84,742	221,598
Кредиттік шығындар үшін бағалау резервін шегергенде	(1,339)	(493)
Барлық сауда және басқа дебиторлық берешек	1,479,582	1,310,245

2023 жылғы 31 желтоқсандағы және 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша сауда және өзге де дебиторлық берешек теңгемен көрсетілді.

Сауда және өзге де дебиторлық берешектің құнсыздануын есепке алу туралы ақпарат 3-ескертпеде ашылған.

Сауда және өзге де дебиторлық берешекке қатысты кредиттік залалдарға арналған бағалау резерві төмендегі кестеде көрсетілген резервтер матрицасына сәйкес айқындалады. Резервтік матрица активтің мерзімі өткен күндер санына негізделген.

В % от валовой стоимости	2024 ж. 31 желтоқсан				2023 ж. 31 желтоқсан			
	Залал- дар дең- гейі	Жалпы баланс- тық құны	Бүкіл кезең ішіндегі күтілетін несиелік шығын- дар	Таза баланс- тық құны	Залал- дар дең- гейі	Жалпы баланс- тық құны	Бүкіл кезең ішіндегі күтілетін несиелік шығын- дар	Таза баланс- тық құны
Сауда дебиторлық берешек								
- ағымдағы	0,1%	1,363,559	(1,305)	1,362,254	0,04%	1,050,950	(383)	1,050,567
- төлемді 30 күннен аз кешіктірумен	0,1%	32,170	(31)	32,139	0,04%	10,589	(4)	10,585
- төлемді 31 күннен 60 күнге дейін кешіктірумен	0,67%	450	(3)	447	0,22%	17,786	(39)	17,747
- төлемді 60 күннен 90 күнге дейін кешіктірумен	-	-	-	-	0,6%	9,143	(55)	9,088
- төлемді 90-нан 180 күнге дейін кешіктірумен	-	-	-	-	1,79%	672	(12)	660
Барлығы		1,396,179	(1,339)	1,394,840		1,089,140	(493)	1,088,647

14 Ақша және олардың баламалары

Қазақстандық теңгемен, мың	2024 ж. 31 желтоқсан	2023 ж. 31 желтоқсан
Бастапқы өтеу мерзімі үш айдан аз мерзімді депозиттер	772,831	397,587
Банктердегі ағымдағы шоттар	-	142,144
кредиттік шығындар үшін бағалау резервін шегергенде	(64)	(42)
Ақша және олардың баламаларының жиыны	772,767	539,689

Төмендегі кестеде 2024 жылғы 31 желтоқсандағы және 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша несиелік тәуекел деңгейлері негізінде ақша қаражаттарының қалдықтары мен олардың баламаларының несиелік сапасына талдау келтірілген. Компанияның кредиттік тәуекелді жіктеу жүйесінің сипаттамасы 21-ескертпеде келтірілген.

Қазақстандық теңгемен, мың	2024 ж.	2023 ж.
- Жоғары деңгей	-	32
- Жақсы деңгей	772,831	539,699
Кассадағы ақша қаражатын қоспағанда, ақша қаражаты мен ақша қаражатының баламаларының жиыны	772,831	539,731

15 Жарғылық капитал

2024 және 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияның жалғыз қатысушысы - «Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ. 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша жарияланған жарғылық капитал 2,228,355 мың теңгені құрайды (2023 жылғы 31 желтоқсан: 2,228,355 мың теңге).

2023 жылдың маусым айында «Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ» АҚ құны 105,341 мың теңге болатын негізгі құрал – «Шаймалау ерітінділерін белсендірудің тәжірибелік мобильді қондырғысы» түрінде қосымша үлес қосу арқылы Компанияның жарғылық капиталын ұлғайту туралы шешім қабылдады. Шаймалау ерітінділерін белсендірудің тәжірибелік мобильді қондырғысының негізгі құралының әділ құны тәуелсіз кәсіби бағалаушы дайындаған есепке негізделген.

2024 жылы Директорлар кеңесінің шешімі бойынша 2024 жылғы 30 қарашадағы №19/24 Директорлар кеңесінің күндізгі отырысының хаттамасынан үзінді көшірмеге сәйкес «Жоғары технологиялар институты» ЖШС қызметінің 2023 жылғы нәтижелері бойынша 278,004 мың теңге сомасына дивидендтер жарияланды және төленді (2023 жыл: дивидендтер төленбеді).

16 Қызметкерлерге берешек

<i>Қазақстандық теңгемен, мың</i>	2024 ж. 31 желтоқсан	2023 ж. 31 желтоқсан
Демалыс және сыйлықақы бойынша резерв	323,173	286,995
Еңбекақы бойынша қарыз	46,831	8,882
Зейнетақы аударымдары және басқа да кредиторлық берешек	36,296	29,153
Қызметкерлер алдындағы есептелген міндеттеменің ағымдағы бөлігі	9,109	8,080
Қызметкерлер алдындағы берешек жиыны	415,409	333,110

2024 жылғы 31 желтоқсандағы және 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қызметкерлерге кредиторлық берешек теңгемен көрсетілді.

17 Сауда және өзге де кредиторлық берешек

<i>Қазақстандық теңгемен, мың</i>	2024 ж. 31 желтоқсан	2023 ж. 31 желтоқсан
Саудалық кредиторлық берешек	571,293	183,298
Өзге кредиторлық берешек	107,983	242,326
Барлық сауда және басқа кредиторлық берешек	679,276	425,624

2024 жылғы 31 желтоқсандағы және 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша сауда және өзге де кредиторлық берешек теңгемен көрсетілді.

18 Өзге қысқа мерзімді міндеттемелер

<i>Қазақстандық теңгемен, мың</i>	2024 ж. 31 желтоқсан	2023 ж. 31 желтоқсан
Қосылған құн салығы бойынша міндеттеме	259,183	177,972
Сатып алушылардан алынған аванстар	113,296	107,405
Басқа салықтар бойынша міндеттеме	56,966	41,389
Басқа міндеттемелер	24,251	14,750
Өзге де қысқа мерзімді міндеттемелер жиыны	453,696	341,516

19 Қаржылық тәуекелдерді басқару

Негізгі тәсілдерге шолу

Қаржы құралдарын пайдалану компанияны тәуекелдің келесі түрлеріне ұшыратады:

- Кредиттік тәуекел
- Өтімділік тәуекелі
- нарықтық тәуекел.

Бұл ескертпеде Компанияның аталған тәуекелдердің әрқайсысына ұшырауы туралы, компанияның мақсаттары, оның саясаты мен осы тәуекелдерді бағалау және басқару рәсімдері туралы және Компанияның капиталды басқару тәсілдері туралы ақпарат берілген. Сандық сипаттағы қосымша ақпарат осы қаржылық есептіліктің бүкіл мәтіні бойынша ашылады.

Компания басшылығы Компанияның тәуекелдерді басқару жүйесін ұйымдастыруға және осы жүйенің жұмысын бақылауға жауапты.

Кредиттік тәуекел

Компания кредиттік тәуекелге бейім, бұл қаржы құралымен операция тараптарының бірі шарт бойынша міндеттемені орындамау салдарынан екінші тараптың қаржылық шығынға ұшырауына себеп болатын тәуекел болып табылады. Кредиттік тәуекелге бейім болу Компанияның төлемді кейінге қалдыру және қаржылық активтер пайда болатын контрагенттермен басқа мәмілелер жасау шарттарында өнімді сатуы нәтижесінде пайда болады. Кредиттік тәуекел негізінен компанияның сатып алушылар мен тапсырыс берушілердің дебиторлық берешегімен және қолма-қол ақшамен және олардың баламаларымен байланысты.

Ақша қаражаттарымен және олардың баламаларымен байланысты кредиттік тәуекел шектеулі, себебі контрагенттерді халықаралық рейтингтік агенттіктер тағайындайтын жоғары кредиттік рейтингтері бар банктер ұсынады.

Кредиттік тәуекелді жіктеу жүйесі

Кредиттік тәуекелді бағалау және кредиттік тәуекел деңгейі бойынша қаржы құралдарын жіктеу мақсатында Компания екі тәсілді қолданады: тәуекелге негізделген ішкі рейтинг жүйесі немесе сыртқы халықаралық рейтингтік агенттіктер (Standard & Poor's [S&P], Fitch, Moody's) бағалайтын тәуекел деңгейлерін бағалау. Ішкі және сыртқы кредиттік ұпайлар төмендегі кестеде көрсетілгендей дефолт ықтималдығының белгілі бір диапазонымен бірыңғай ішкі шкала бойынша салыстырылады:

Бірыңғай шкала бойынша кредиттік тәуекел деңгейі	Тиісті ішкі рейтингтер	Сыртқы халықаралық рейтингтік агенттіктердің тиісті рейтингтері (S & P)	Дефолт ықтималдығының сәйкес аралығы
Жоғары деңгей	1-ден 6-ға дейін	AAA – BB+	0.01% - 0.5%;
Жақсы деңгей	7-ден 14-ке дейін	BB+ – B+	0.51% - 3%;
Қанағаттанарлық деңгей	15-тен 21-ге дейін	B, B-	3% - 10%;
Арнайы мониторингі қажет етеді	22-ден 25-ке дейін	CCC+ – CC-	10% - 99.9%;
Дефолт	26-дан 30-ға дейін	C, D-I, D-II	100%

Монетарлық активтер

Компанияның кредиттік тәуекелге ұшырауы негізінен әрбір сатып алушының жеке сипаттамаларына байланысты. Компанияның клиенттік базасының демографиялық көрсеткіштері, оның ішінде белгілі бір салаға немесе клиенттер өз қызметін жүзеге асыратын елге тән дефолт тәуекелі кредиттік тәуекел деңгейіне аз әсер етеді. 2024 жылы Компания табысының 96% байланысты тараптарға сатудан келеді (2023 жылы: 96%). Географиялық тұрғыдан алғанда, барлық кредиттік тәуекелдер Қазақстан аумағында шоғырланған.

Компанияның үшінші тараптарға қатысты ресми кредиттік саясаты жоқ, бірақ үшінші тараптардың барлық маңызды іске асыруларын басшылық мақұлдайды. Алдыңғы жылдары өтелмеген дебиторлық берешектен болған шығындар сирек болды.

Компания сауда және басқа дебиторлық берешекке қатысты ешқандай қамтамасыз етуді талап етпейді.

19 Қаржылық тәуекелдерді басқару (жалғасы)

Қаржылық активтердің баланстық құны Компанияның кредиттік тәуекеліне ұшыраған максималды мәнді көрсетеді. Есепті күндегі жағдай бойынша кредиттік тәуекелдің ең жоғары деңгейі:

Қазақстандық теңгемен, мың	Ескерт- пе	2024 ж. 31 желтоқсан	2023 ж. 31 желтоқсан
Сауда және өзге де дебиторлық берешек	13	1,479,582	1,310,245
Ақша және олардың баламалары	14	772,767	539,689
Өзге қысқа мерзімді қаржы активтері		92	262
Барлығы		2,252,441	1,850,196

Географиялық өңірлер бөлінісінде кредиттік тәуекел Қазақстанда шоғырланған. Барлық клиенттер сатып алушылар-түпкілікті пайдаланушылар.

Өтімділік тәуекелі

Өтімділік тәуекелі – бұл Компанияның өтеу мерзімі аяқталған кезде қаржылық міндеттемелерін орындай алмау қаупі. Компанияның өтімділікті басқаруға деген көзқарасы Компанияның өз міндеттемелерін өтеу үшін әдеттегі, сондай-ақ қауырт жағдайларда, жол берілмейтін шығындардың туындауына жол бермей және топтың беделіне нұқсан келтірмей жеткілікті өтімді қаражаттың мүмкіндігінше тұрақты болуын қамтамасыз ету болып табылады.

Әдетте, Компания қаржылық міндеттемелерге қызмет көрсету шығындарын қоса алғанда, 60 күн ішінде күтілетін операциялық шығындарды жабуға жеткілікті көлемде бірінші талап бойынша қолжетімді қолма-қол ақшаның болуын қамтамасыз етеді. Бұл жағдайда, алдын ала болжау мүмкін емес жағдайлардың, мысалы, табиғи апаттардың пайда болуының ықтимал әсері ескерілмейді.

Төменде пайыздық төлемдердің есептік сомаларын қоса алғанда және есепке алу туралы келісімдердің әсерін қоспағанда, қаржылық міндеттемелерді өтеудің шарттық мерзімдері туралы ақпарат берілген:

Қазақстандық теңгемен, мың	Ескер.	2024 ж. 31 желтоқсан				Барлығы	Баланстық құны
		Бір айдан аз	1-3 ай	3 ай-1 жыл	1 жыл-5 жыл		
Сауда және өзге де кредиторлық берешек	17	575,528	102,026	1,722	-	679,276	679,276
Жиыны		575,528	102,026	1,722	-	679,276	679,276

Қазақстандық теңгемен, мың	Ескер.	2023 ж. 31 желтоқсан				Барлығы	Баланстық құны
		Бір айдан аз	1-3 ай	3 ай-1 жыл	1 жыл-5 жыл		
Сауда және өзге де кредиторлық берешек	17	362,100	59,220	4,304	-	425,624	425,624
Жиыны		362,100	59,220	4,304	-	425,624	425,624

Нарықтық тәуекел

Нарықтық тәуекел – бұл нарықтық бағалардың өзгеруі, мысалы, шетел валюталарының айырбас бағамдары, сыйақы мөлшерлемелері және акция бағаларының өзгеруі Компания пайдасына немесе ондағы қаржы құралдарының құнына теріс әсер ететін тәуекел. Нарықтық тәуекелді басқарудың мақсаты нарықтық тәуекелге ұшырауды бақылау және инвестициялардың кірістілігін оңтайландыруға қол жеткізе отырып, оны қолайлы шектерде ұстау болып табылады.

Баланстық құнмен салыстырғанда әділ құн

Басшылық Компанияның қаржылық активтері мен міндеттемелерінің әділ құны олардың баланстық құнына тең деп санайды.

19 Қаржылық тәуекелдерді басқару (жалғасы)

Капиталды басқару

Компания үздіксіз қызметін жалғастыру, инвесторлардың, кредиторлардың және нарықтың сенімін сақтау, қатысушыға қолайлы кірістілік деңгейін қамтамасыз ету, капитал құнын барынша азайтуға мүмкіндік беретін оңтайлы капитал құрылымын қолдау, сондай-ақ бизнестің болашақтағы дамуын қамтамасыз ету үшін тұрақты капитал базасын қолдау саясатын көздейді. Капиталға Компанияның жарғылық капиталы мен бөлінбеген кірісі кіреді. Компания 2024 жылғы 31 желтоқсанда басқарған капитал сомасы 1,851,841 мың теңгені құрады (2023 жылғы 31 желтоқсан: 1,891,392 мың теңге).

Компанияның қаржыландыру жөніндегі қызметіне қатысты шешімдерді (меншікті немесе қарыз қаражаты арқылы) Компанияның қатысушысы қабылдайды және басшылықтың өкілеттігі саласына кірмейді. 2024 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл ішінде ақшаны басқару мақсаттары, саясаттары мен процестерінде ешқандай өзгерістер болған жоқ.

20 Шартты активтер мен міндеттемелер

Сақтандыру

Қазақстан Республикасында сақтандыру қызметтерінің нарығы қалыптасу барысында және басқа елдерде таралған сақтандырудың көптеген нысандары әлі қолжетімді емес. Компания өзінің негізгі құралдарына, шығындарына немесе авариялар немесе қызмет нәтижесінде негізгі құралдарға немесе қоршаған ортаға келтірілген залалға байланысты үшінші тараптар алдындағы туындаған міндеттемелеріне қатысты толық сақтандыру қорғанышы жоқ. Компания тиісті сақтандыру полистерін сатып алғанға дейін, кейбір активтердің зақымдануы немесе жоғалуы Компанияның қызметіне және оның қаржылық жағдайына айтарлықтай теріс әсер етуі мүмкін.

Салық заңнамасы

Қазақстан Республикасындағы салық шарттары өзгеруге және дәйексіз қолдануға және түсіндіруге бейім. Компанияның және қазақстандық уәкілетті органдардың қазақстандық заңдары мен ережелерін түсіндірудегі сәйкессіздіктер қосымша салықтар, айыппұлдар мен өсімпұлдарды есептеуге әкелуі мүмкін.

Қазақстан заңнамасы мен салық салу практикасы үздіксіз даму жағдайында, сондықтан әртүрлі түсіндірулерге және кері күшке ие болуы мүмкін жиі өзгерістерге ұшырайды. Кейбір жағдайларда салық салынатын базаны айқындау мақсатында салық заңнамасы ХЕҚС ережелеріне сілтеме жасайды, бұл ретте қазақстандық салық органдарының ХЕҚС-тың тиісті ережелерін түсіндіруі осы қаржылық есептілікті дайындау кезінде басшылық қолданған есеп саясаттарынан, пайымдаулардан және бағалаулардан өзгеше болуы мүмкін, бұл компанияда қосымша салық міндеттемелерінің туындауына әкелуі мүмкін. Салық органдары салық жылы аяқталғаннан кейін бес жыл ішінде ретроспективті тексеру жүргізе алады.

Компания басшылығы оның тиісті заңнаманы түсіндіруі қолайлы және компанияның салықтық ұстанымы негізделген деп санайды. Компания басшылығының пікірінше, Компания осы қаржылық есептілікте қалыптасқан резервтерден асатын ағымдағы және ықтимал салық талаптары бойынша айтарлықтай шығынға ұшырамайды.

Сот талқылауы

Кәдімгі қызмет барысында Компания сот процестері мен сот шағымдарына ұшырауы мүмкін. Компания басшылығы түпкілікті міндеттеме, егер мұндай сот процестері мен талаптардан туындаса, Компанияның болашақ қаржылық жағдайына немесе негізгі қызметіне айтарлықтай теріс әсер етпейді деп санайды.

Күрделі сипаттағы келісімшарттық міндеттемелер

2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияның негізгі құралдарға қатысты капитал салымдары бойынша шарттық міндеттемелері жоқ (2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша: негізгі құралдарға қатысты капитал салымдары бойынша шарттық міндеттемелер - 218 мың теңге).

20 Шартты активтер мен міндеттемелер (жалғасы)

Қоршаған ортаны қорғау мәселелері.

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасында табиғат қорғау заңнамасы қатаңдатылуда және оның сақталуын қамтамасыз етуге қатысты қазақстандық мемлекеттік органдардың ұстанымын қайта қарау жалғасуда. 2021 жылы Қазақстан Республикасында жеке және заңды тұлғалардың қоршаған ортаға әсер ететін немесе әсер етуге қабілетті қызметті жүзеге асыруына байланысты туындайтын адам мен табиғаттың өзара іс-қимылы (экологиялық қатынастар) саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейтін жаңа экологиялық кодекс күшіне енді. Өнеркәсіптік кәсіпорындардың қоршаған ортаны ластағаны үшін жауапкершілігін арттырумен қатар, Кодекс қалдықтарды басқару иерархиясын енгізуді де қарастырады және қызмет салдарын жою бойынша талаптарды белгілейді.

Экологиялық кодекстің нормаларына сәйкес барлық кәсіпорындарда қызметтің салдарын жою бойынша міндеттемелер бар, бірақ салдарды жою жөніндегі талаптар өндірістік кәсіпорындар мен құрылыс объектілерінің санатына байланысты, олар қоршаған ортаға әсер ету дәрежесіне және кәсіпорындардың қызмет саласына байланысты анықталады. Компания 2022 жылы объектілерді санаттаудан өтті. Компанияның барлық өндірістік объектілері IV-қоршаған ортаға ең аз теріс әсер ететін объектілер санатына жатқызылды.

Компанияның өндірістік объектілері (өкімшілік ғимараттар) «Қанжуған» кенішінде орналасқан зертханалық корпустан басқа, қоршаған ортаға ең аз теріс әсер ететіндігіне байланысты Компания осы қаржылық есептіліктегі қызметтің салдарын жою бойынша міндеттемелерді есептемеген. Компания басшылығы жоғарыда аталған нысандар компанияның қызметі тоқтатылған жағдайда қайта тағайындалуы және бұзылмауы мүмкін деп санайды.

Компания сондай-ақ қолданыстағы заңнаманың басқа ережелеріне, «Қанжуған» кенішінде орналасқан зертханалық корпус бойынша келісімшарттық міндеттемелерге сүйене отырып, қоршаған ортаны қорғау бойынша ықтимал міндеттемелердің бар-жоғын талдады және жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялардың салдарын жоюдың сметалық құнын есептеуге (ARO бағасы) сәйкес оны жою жөніндегі осы қаржылық есептіліктегі міндеттемелерді мойындады. 2023-2024 жылдар аралығында Компанияда экологиялық талаптарды бұзу немесе ластанудың рұқсат етілген деңгейінен асып кету болған жоқ.

Компания қоршаған ортаны қорғауға байланысты міндеттемелерін кем дегенде жыл сайынғы негізде мерзімді бағалауды жүргізеді. Міндеттемелердің анықталуына қарай олар дереу қаржылық есептілікте көрсетіледі. Қолданыстағы заңнамалар мен нормативтік актілердің өзгеруі нәтижесінде, сондай-ақ сот практикасы нәтижесінде туындауы мүмкін ықтимал міндеттемелерді жеткілікті сенімділікпен бағалау мүмкін емес, бірақ олар айтарлықтай болуы мүмкін. Компания басшылығы қолданыстағы табиғатты қорғау заңнамасының сақталуын бақылаудың қолданыстағы жүйесі жағдайында қоршаған ортаға зиян келтіруге байланысты туындайтын елеулі міндеттемелер жоқ деп санайды.

21 Байланысты тараптармен мәмілелер

Бақылау қатынастары

Компанияның тікелей және түпкілікті бас кәсіпорны - «Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ» АҚ. «Самұрық-Қазына» ҰОҚ АҚ - Компанияның түпкілікті бақылаушы тарабы.

Компанияның байланысты тараптармен операциялары туралы ақпарат бұдан әрі ұсынылады.

Басшы қызметкерлердің қатысуымен жасалатын операциялар

Басшы қызметкерлерге сыйақы

Есепті жылы негізгі басшы қызметкерлер алған сыйақылар мынадай сомаларды құрады:

<i>Қазақстандық теңгемен, мың</i>	2024 ж.	2023 ж.
Жалақы және сыйлықақылар	42,859	32,605

2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияда негізгі басшы қызметкерлерге қатысты міндеттемелер 234 мың теңге мөлшерінде соманы құрайды (2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша: міндеттемелер жоқ).

21 Байланысты тараптармен мәмілелер (жалғасы)

Басқа да байланысты тараптардың қатысуымен жасалатын операциялар

Қазақстандық теңгемен, мың	Өнімді сату		Өнімді сатып алу		Жарғылық капиталға жарна	
	2024 ж.	2023 ж.	2024 ж.	2023 ж.	2024 ж.	2023 ж.
Бас компания	179,332	698,023	-	-	-	105,341
«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ еншілес кәсіпорындары	2,713,403	2,280,684	328,634	265,967	-	-
«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ бірлескен кәсіпорындары	1,949,884	1,196,835	4,369	2,517	-	-
«Самұрық-Қазына» ҰӘҚ АҚ тобының компаниялары	-	2,140	19,629	10,503	-	-
Жиыны	4,842,619	4,177,682	352,632	278,987	-	105,341

Есепті күнге Компания мен байланысты Тараптар арасындағы есеп айырысулардағы қалдықтар төменде келтірілген:

Қазақстандық теңгемен, мың	Байланысты тараптардың берешегі		Байланысты тараптар алдындағы берешек	
	2024 ж.	2023 ж.	2024 ж.	2023 ж.
Бас компания	35,895	183,608	-	-
«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ еншілес кәсіпорындары	961,377	863,640	221,882	209,851
«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ бірлескен кәсіпорындары	487,975	308,406	1,446	27,598
«Самұрық-Қазына» ҰӘҚ АҚ тобының компаниялары	172	64	126	120
Жиыны	1,485,419	1,355,718	223,454	237,569